ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ҚҰЮҒА ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН АВТОМОБИЛЬДІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ

Түрлері, шамалары және жалпы техникалық талаптар

ҚР СТ 1420-2005

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

gost.e-ecolog.ru

Астана

Алғы сөз

1 Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Көлік және коммуникация ғылыми зерттеу институты» ЖШС «КК ҒЗИ» **ӘЗІРЛЕГЕН**

2Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің автомобиль көлігі басқармасымен **ЕНГІЗІЛГЕН**

3 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 431 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандарт ГОСТ Р 50631-93 «Мұнай өнімдерін тасымалдауға және құюға арналған автомобильді көлік құралдары. Түрлері, шамалары және жалпы техникалық талаптар». Ресей Федерациясының аймақтық стандартына қатысты, атауларын өзгерту арқылы, құрылымының, қосымша талаптар енгізу арқылы, Қазақстан Республикасының экономикалық қажеттіліктерін көрсететін редакциялық өзгертулер және жекелей техникалық ауытқулар арқылы модификацияланған болып табылады, сонымен қатар жолда қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі Еуропалық келісіммен (ДОПОГ), Женева 30 қыркүйек 1957 жыл, ол туралы ақпарат кіріспеде келтірілген.

Осы стандарттың құрылымдарын Ресей Федерациясының стандартының құрылымы мен салыстыру К қосымшасында келтірілген.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2010 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 Мұнай өнімдерін тасымалдауға және құюға арналған автомобильді көлік құралдары. Түрлері, шамалары және жалпы техникалық талаптар ГОСТ 27352-87 **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН**

Осы стандарт Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде, толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу аймағы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер және анықтамалар	2
4	Классификация	3
5	Негізгі параметрлері және өлшемдері	6
6	Жалпы техникалық талаптар	7
7	Жинақтылығы	16
8	Таңбалануы	17
9	Қауіпсіздік талаптары	18
10	Пайдалану бойынша көрсеткіштер	21
	А қосымшасы (ұсынылатын). Толуды шектеуіштің принципиалды гидравликалық сызбасы	23
	Б қосымшасы (ұсынылатын). Толуды шектеуіштің біріктіру өлшемдері	24
	В қосымшасы (міндетті). Құйылудың жоғары деңгейінің розеткасының сигнализаторлар түйіспелерін қосудың нобайы	25
	Г қосымшасы (міндетті). Қайтару клапанын қосу өлшемдері	26
	Д қосымшасы (анықтамалық). Газ қайтарымдылық жүйесі бар, мұнай өнімін герметикалық құюға және төгуге арналған жабдықпен жабдықталған автокөліктік цистерна	27
	Е қосымшасы (ұсынылатын). Автоцистернаның технологиялық нобайы	28
	Ж қосымшасы (ұсынылатын). Автоотынқұйғыштың технологиялық нобайы	29
	И қосымшасы (анықтамалық). Библиография	30
	К қосымшасы (анықтамалық). Осы стандарттың құрылымын онда қолданылған аймақтық стандарттың құрылысымен салыстыру	31

Кіріспе

Осы стандартты аймақтық деңгейде үйлестіру үшін ГОСТ Р 50913-96 «Мұнай өнімдерін тасымалдауға және құюға арналған автомобильді көлік құралдары. Түрлері, шамалары және жалпы техникалық талаптар» Ресей Федерациясының мемлекеттік стандартының 1-7 бөлімдері қолданылған, ал халықаралық деңгейде – мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған автокөліктік цистерналарға қатысты ДОПОГ қағидаларына сәйкес талаптары, сонымен қатар кейбір ДОПОГ қағидаларына сілтемелер бар.

Осы стандарт ГОСТ Р 50913-96 1-7 бөлімдеріне қатысты, атауларын, құрылымын өзгерту арқылы, қосымша талаптар енгізу арқылы, редакциялық өзгертулер және жекелей техникалық ауытқулар арқылы модификацияланған болып табылады:

- 2 бөлім «Нормативтік сілтемелер Қазақстан Республикасында әрекет ететін өзара байланысты стандарттарды, сонымен қатар, жасаушы қосқан қосымша талаптарда бар стандарттарды ескере отырып түзетулер жасалған;
- 3 бөлімнің терминологиялық бабтары «Терминдер және анықтамалар» терминінің мағынасын жақсы түсіндіруге бағытталған редакциялық және стилистикалық өзгертулер енгізу жолымен ГОСТ Р 50913-96 «Анықтамалар және қысқартылымдар» 3 бөлімнің ұқсас терминологиялық бабтарына қатысты түзетілген. Бөлім жаңа терминдермен толықтырылған: «Автокөліктік цистерна», «Антибұғаттағыш тежегіш жүйесі», ДОПОГ, «Тұрқы», «Цистерна»;
- қосымша 4-бөлім «Классификация» енгізілген, ол жерде кесте пішінінде автокөліктік цистерналар тұрпатын айырып оқуға, сонымен қатар шарты белгілер нобайы пішінінде олардың индексация және белгілеу жүйесіне қатысты (ГОСТ Р 50913-96 3,4 бөлімдерінен) қағидалар келтірілген. Сонымен бірге бөлімде «ескі нобай бойынша» «жаңа индексация енгізілгенге дейін) автокөліктік цистерналардың шартты белгілерін айырып оқу мысалдары келтірілген;
- 5 бөлім тақырыпшасы «Негізгі параметрлер және өлшемдер», ГОСТ Р 50913-96 «Түрлері және негізгі параметрлері» сәйкес келетін 4бөлім тақырыбына қатысты өзгерген, себебі ол жерден автокөліктік цистерналар тұрпаттарына қатысты қағидалар алынып тасталып, 4 бөлім «Классификацияға» ауыстырылған;
- 5.4; 5.5 талаптарында, олардың мағынасын жақсы жеткізуге бағытталған ГОСТ Р 50913-96 олардың 4.5 және 4.7 талаптарының сәйкестігіне қатысты редакциялық және стилистикалық ауытқулары бар;
- цистерналарды калибрлеуге және олардың метрологиялық параметрлеріне қатысты қосымша 5.6 талаптары енгізілген;
- 6.5 тақырыпшасы ГОСТ 50913-96 5.1.6 сәйкес келетін тақырыбына қатысты талаптармен толықтырылған:

6.5.1 автокөлік құралдарының климаттық орындалуына қатысты;

6.5.4 толық салмақты цистерналардың олар орнатылған негіздік шассидің номиналды жүккөтерімділігіне қатысты;

6.5.5 ДОПОГ талаптарына сай цистерна тұрқыларының ұстайтын жүктемелеріне қатысты;

6.5.6 алып жүргіш болып табылатын цистерналардың тұрқысына қатысты;

- есептік қысымға 6.5.7 талабы ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.3 сәйкес келетін талаптарына қатысты мұнай өнімдері буларының қысымына байланысты ДОПОГ талаптарына сай толықтырылған;
- ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.4 сәйкес келетін талабына қатысты 6.5.9 тарауының талдануы салмақ мәнінің жүктемеге ауысуын нақтылау мақсатында формуламен толықтырылған;
- цистерна тұрқысы есептелетін сынақтық қысымға 6.5.10 талабы енгізілген;

- 6.5.11 талаптарында ГОСТ Р50913-96 5.1.5.6-да келтірілгенге қатысты ГОСТ 14249 өте дәл әдіс бойынша цистерна тұрқысының қалыңдығын есептеу үшін формула енгізілген;

- 6.5.12 талаптарының мазмұны цистерна қабырғасының қалыңдығын анықтау әдісін нақтылау мақсатында ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.7 сәйкес келетін талаптарына қатысты өзгерген;

- 6.5.13 тарауы ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.7 сәйкес келетін талаптарына қатысты, мықтылау сақиналарының көлденең қима модулыіне және олардың шықпа құлақшаларының радиусына қатысты толықтырылған;

- 6.5.14; 6.5.15 талаптарының мазмұндары түзетілген;

- бөлім ГОСТ 14249 сәйкес цистерна тұрқыларын қаттылық сақиналарымен бекітуге қажетті есебі әдісі келтірілген 6.5.16 талаптарымен толықтырылған;

- ГОСТ 14249 сәйкес цистерналардың дөңгелек түптерінің қалыңдығын анықтау бойынша 6.5.17 жаңа талабы енгізілген;

- 6.5.18; 6.5.24 талаптары ГОСТ 50913-96 «Түрлері және негізгі параметрлері» 4 бөлімінен ауыстырылған, себебі тақырыптық жағынан «Құрылымына қойылатын талаптар» бөліміне көбірек келеді;

- 6.5.24 талабы, шассиді антибұғаттағыш тежегіш жүйелерімен жабдықтауға қатысты ДОПОГ қағидаларымен үйлестірілген;

- ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.15 талабына ұқсас талдауға қатысты 6.5.25) тарауы газ қайтару жүйесі бар мұнай өнімдерін герметикалық құюға (төгуге) арналған құрылғылар номенклатурасын нақтылау мақсатында толықтырылған және оның нобайымен Д қосымшасына сілтеме келтірілген;

- ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.16 сәйкес талаптарына қатысты 6.5.26 талаптары «цистерна сиымдылық өлшегіші» термині орнына «калибрленген цистерна» термині қолданылуын ескере отырып түзетілген;

- ГОСТ Р 50913-96 5.1.6.17 сәйкес талаптарына қатысты 6.5.27 пунктінің мазмұны ГОСТ 25560 бойынша тыныстау құрылғыларына қойылатын талаптарымен өзгертілген және толықтырылған. Түсіру қима ауданына қойылатын талаптар және 6 кесте ГОСТ 25560 сәйкес кестелерімен алмастырылған;

- 6.5 «Конструкцияға талаптар» тақырыпшасы автокөліктік цистерналар орнықтылығына және цистерналардың жылу оқшаулауына қатысты 6.5.45 және 6.5.46 тармақтарымен толықтырылған;

- 6.6 «Материалдарға және сатып алу бұйымдарына қойылатын талаптар» тақырыбы 6.6.2 төсем материалдарына және 6.6.4 цистерналардың ішкі беттерін қойылатын талаптарымен толықтырылған;

- автокөліктік цистерналардың жинақтылығына қойылатын талаптар өз бетінше «Жинақтылық» 7 бөлімінде жазылған. Осы бөлімге ГОСТ 50913-96 7 «Пайдалану бойынша көрсеткіш» бөлімінен Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының талаптарын ескеретін автокөліктік цистерналарды пайдалану бойынша тәсілнамаға қатысты талаптары алмастырылған;

- автокөліктік цистерналарды таңбалау талаптары өз бетінше «Таңбалауға қойылатын талаптар» 8-бөлімінде жазылған. Бөлім автокөліктік цистерналарды тұтынушылар «тапсырыс берушілер) үшін қажетті ақпарат келтіру бөлімінде толықтырылған;

- «Қауіпсіздік талабы» 9 бөлімі ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004 талаптарымен және тежелуге, өрт қауіпсіздігіне және максималдық жылдамдыққа қатысты ДОПОГ талаптарымен автокөліктік цистерналардың негіздік шассилерінің техникалық жағдайының сәйкестігіне қатысты 9.2 жаңа талаптарымен толықтырылған;

- 9.4, 9.5, 9.8, 9.9 талаптары электрожабдықтарына, жүргізушіге арналған жазбаша тәсілнамаларына, отындық бак қорғаныштарына, сәйкесінше алмалы-салмалы ұшқын сөндіргіш құрылымына қатысты ДОПОГ талаптарына сілтемелермен толықтырылған.

- ГОСТ Р 50913-96 6.4 сәйкес тармағына қатысты 9.7 тармағы статикалық электрлікті шығаруға арналған құрылғымен автокөліктік цистерналарды жабдықтауға қойылатын талаптармен толықтырылған.

- ҚР СТ ГОСТ Р 51253 және ҚР СТ ГОСТ Р 41.104 сәйкес автокөлік құралдарын жарық қайтарғыш таңбалармен жабдықталуына қатысты 9.15 талаптарына, сонымен қатар ДОПОГ талаптарына сәйкес автокөлік цистерналарының қауіптілік белгісімен және ақпараттық кестелермен жабдықталуына қатысты толықтырулар енгізілген;

- «Пайдалану бойынша көрсеткіштер» 10 бөлімі қоршаған орта температурасына байланысты цистерналарды толтыру дәрежесіне қатысты 10.2 талаптарымен, тазаланбаған бос автокөліктік цистерналарды пайдалануға қатысты 10.4 талаптарымен және автокөліктік цистерналардың байланысқан бөліктерінің арасындағы біріктірме құбыр өткізгіштеріне қатысты 10.5 талаптарымен толықтырылған;

- А-Г; Е және Ж қосымшаларында, мәтін талабын жақсы жеткізуге бағытталған азғантай редакциялық және стилистикалық ауытқулар бар;

- 3.2-3.7; 3.12; 5.4; 5.5; 6.1.1; 6.2.1; 6.3.1; 6.4.3; 6.5.3; 6.5.5; 6.5.7; 6.5.9; 6.5.11-6.5.15; 6.5.24-6.5.27; 6.6.2; 7.3; 9.3-9.5; 9.7-9.9; 9.12, сондай-ақ 3.1; 3.8; 3.10; 3.14; 4.1-4.5; 5.6; 6.5.1; 6.5.4; 6.5.6; 6.5.10; 6.5.16; 6.5.17; 6.5.45; 6.5.46; 6.6.4; 8.1; 8.3; 9.2; 9.15; 9.16; 10.2; 10.4; 10.5; Д қосымшасы, толықтырылған талаптары курсивпен белгіленіп, жасаушымен осы стандартқа енгізілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ҚҰЮҒА ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН АВТОМОБИЛЬДІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ

Түрлері, шамалары және жалпы техникалық талаптар

Енгізілген күні 2007-01-01

1 Қолданылу аймағы

Бұл стандарт, мұнай өнімдерін тасымалдауға және құюға арналған автомобильді көлік құралдарына (әрі қарай – автоцистерналар) таралады.

Стандарт автоцистерналарға, сонымен қоса ұшу аппараттарына (ұшақ, тікұшақ) жерде қызмет көрсетуге арналған, сығымдалған және сұйық газдарды тасымалдауға арналған автоцистерналарға және су көліктеріне, сонымен қатар мұнай өнімдерін бөлшектей сатуға арналған қозғалмалы жанар-жағармай құю бекеттеріне таралмайды.

Осы стандарттың талаптары міндетті болып саналады.

Стандарт сертификаттау мақсатына жарамды.

Осы стандартта келтірілген Ресей Федерациясының стандарттары ҚР СТ 1.9. белгіленген тәртібінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта төмендегі стандарттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ 1.9-2003 Стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу бойынша халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарды және нормативтік құжаттарды қолдану реті.

ҚР СТ 1123-2002 Механикалық автокөлік құралдары және тіркемелер. Терминдер және анықтамалар.

ҚР СТ 1125-2002 Жол белгілері. Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ ГОСТ Р 41.104-2001 Үлкен жүк көтерімділік тегі және ұзындықтағы көлік құралдары үшін жарық қайтарғыш таңбаларды сертификаттауға қатысты, біртекті бұйрық.

ҚР СТ ГОСТ Р 51253-2001 Автокөлік құралдары. Жарық қайтарғыш таңбаларды орналастыратын түсті графикалық нобай. Техникалық талап.

ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004 Автокөлік құралдары. Тексеру әдістері және техникалық жағдайына қойылатын талаптар.

ГОСТ 2.601-95 КҚБЖ. Пайдалану құжаттамасы.

ГОСТ 8.346-2000 Өлшемдердің біркелкілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік біркелкі жүйесі. Горизонталь цилиндрлік болат ыдыстар. Тексеру әдістер.

ГОСТ 1510-84 Мұнай және мұнай өнімдері. Маркілеу, тасымалдауды қаптау және сақтау

ГОСТ 2517-85 Мұнай және мұнай өнімдері. Сынақ алу әдісі

ГОСТ 3163-76 Автомобильді тіркемелер және жартылай тіркемелер. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 6964-72 Автомобильдердің, тракторлардың, өзі жүргіштік машиналардың және тіркемелердің сыртқы дабылдық және жарықтық фонарлары. Техникалық талаптар

ГОСТ 8769-75 Автомобильдердің, автобустардың троллейбустардың тракторлардың, тіркеме және жартылай тіркемелердің сыртқы жарықтық аспаптары. Саны, орналасуы, түсі, көріну бұрыштары.

ГОСТ 9200-76 Автомобиль және тракторлар үшін ажырайтын жеті түйіспелі қосылыстар.

ГОСТ 12969-67 Машиналар мен саймандарға арналған тақтайшалар. Техникалық талаптар.

ГОСТ 12971-67 Машиналар мен саймандарға арналған тіктөртбұрышты тақтайшалар. Өлшемдері.

ГОСТ 14249-89 Түтікшелер және аппараттар. Нормалары және беріктікке есептеу әдістері.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, құралдар және басқада техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аймақтарға арналған орындаулар. Дәрежелер, пайдалану шарты, сақтау және қоршаған ортаның климаттық факторларының әсер ету жағдайында тасымалдануы.

ГОСТ 19034-82 Поливинилхлоридті пластиктен жасалған түтікшелер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 19433-88 Қауіпті жүктер. Топтастырылуы. Таңбалануы.

ГОСТ 20772-81 Мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау, құю-төгу, сорып алу, құю үшін техникалық құралдардың біріктірме құрылғылары. Түрлері. Негізгі өлшемдері мен шамалары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 21130-75 Электротехникалық бұйымдар. Жерлендіргіш қысқыштар және жерлендіру белгілері. Құрылымы және өлшемдері.

ГОСТ 21398-89 Жүктік автомобильдер. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 23544-84 Автотрактор жабдықтары үшін ширатылған сымдар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 24333-97 Ескертетін үшбұрыштарды ресми бекітуге қатысты біртекті бұйрық.

ГОСТ 25560-82 Мұнай өнімдері үшін цистерналардың дем алу құрылғылары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26098-84 Мұнай өнімдері. Анықтамалар және терминдер.

ГОСТ 29120-91 Ресми бекітілімге қатысты біркелкі жазылымы: I. Артқы қорғау құралдары; II. Ресми бекітілетін типтің артқы қорғау құралының бекітілу қатынасындағы көліктік құралдары; III. Олардың артқы қорғау қатынасындағы көліктік құралдары.

ГОСТ Р 50559-93 Өндірістік тазалық. Сұйық жұмыс ортасын құюға және сақтауға, тасымалдауға, жеткізуге қойылатын талаптар.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1123 бойынша терминдер, сонымен қатар тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 ***Автокөліктік цистерна:*** *Автомобиль шассиі, тіркеме немесе мұнай өнімдерін тарату және тасымалдауға арналған жартылай тіркеме.*

3.2 ***Антибұғаттағыш тежегіш жүйесі (АТЖ/АБС):*** *Жедел тежелген кезде, АКҚ тежелуші доңғалақтарының бұғатталуын болдырмайтын жұмыстық тежегіш жүйесінің қосымша жүйесі.*

3.3 ***Есептік қысым:*** *Теориялық қысым, бұл сыналған қысымға тең келуі мүмкін, немесе, тасымалданатын мұнай өнімінің қауіптілік дәрежесіне байланысты, жұмыстық қысымнан төмен немесе жоғары болуы мүмкін және ішкі немесе сыртқы күштік*

құрылғылардан тәуелсіз, цистерна тұрқы қабырғасының қалыңдығын анықтауға ғана арналады.

3.4 ***Сыналатын қысым:*** *Гидравликалық сынақ кезіндегі цистерна тұрқысындағы жоғарғы дұрыс қысым.*

3.5 ***Толтыру қысымы:*** *Қысыммен толтыру кезінде, цистерна тұрқысында пайда болатын жоғарғы қысым.*

3.6 ***Босату қысымы:*** *Қысыммен босату кезінде, цистерна тұрқысында пайда болатын ең жоғарғы қысым.*

3.7 ***Максималдық жұмыстық қысым:*** *Төмендегі үш мәннің ең үлкені:*

— толтыруда максималдық берілетін қысым;

— босатуда максималдық берілетін қысым;

— максималдық жұмыс температурасы кезінде, іштегі мұнай өнімі әсерінен, цистерна тұрқысы ұшырасатын толыққанды бу қысымы.

3.8 ***ҚЖЖТ (ДОПОГ)****: Халықаралық қауіпті жүктердің жол тасымалы жөніндегі европалық келісім.Женева, 30 қыркүйек 1957ж.*

3.9 ***Түптік клапан:*** *Цистернаның төменгі бөлігінде орналасқан және мұнай өнімдерінің шығу жолын бекітуге арналған, қашықтан басқарылатын бекіткіш арматураны.*

3.10 ***Тұрқы:*** *Цистернаның, ыдыстың қабығы.*

3.11 **Мұнай өнімдері:** ГОСТ 26098 бойынша мұнайдың сұйық отындары және майлары.

3.12 ***Төменнен толтыру әдісі:*** *Бұл толтыру кезінде, тыныстау құрылғылары қақпағының герметиктігі жоғалуына сәйкес, сыйымдылық ішіндегі қысым өсуіне байланысты тыныстану қақпақшасының оттан сақтандырғышы арқылы отын булары атмосфераға шығады.*

3.13 **Технологиялық бөлік қабырғасының отқа төзімділік шегі:** Стандартты температура тәртібі кезіндегі өртке сынау басталғаннан бастап, қабырғаның қоршау қызметінен (тұтастық және жылу айыру қабілеттілігі) айырылғанға дейінгі уақытпен анықталатын отқа төзімділік көрсеткіші.

3.14 ***Цистерна:*** *Мұнай өнімдерін құюға арналған ыдыс (сиымдылық)*

4 Классификация

Автокөліктік цистерналар мақсатына қарай көліктік және құятын болып бөлінеді. Көліктік және құятын автокөлік құралдары 1- кестеге сәйкес классификациялық топтарға бөлінеді.

1-кесте

Автокөлік цистернаның тұрпаты	Белгіленуі	Мақсаты
Көліктік	АЦ	Автомобиль шассиінде отынға арналған автоцистерна;
	АЦМ	Автомобиль шассиінде майға арналған автоцистерна
	ТЦ	Тіркеме шассиінде отынға арналған тіркеме-цистерна;
	ТЦМ	Тіркеме шассиінде майға арналған тіркеме-цистерна;
	ППЦ	Жартылай-тіркеме шассиінде (немесе алып жүргіш құрылымдағы) отынға арналған жартылай тіркеме-цистерна.
	ППЦМ	жартылай-тіркеме шассиінде (немесе алып жүргіш құрылымдағы) майға арналған жартылай тіркеме-цистерна.

1-кестенің соңы

1	2	3
Құйылатын	АМҚ	автомобиль шассиіндегі (автомайқұйғыш) май тасымалдауға және оны техникаға құюға арналған автоцистерна.
	АОҚ	автомобиль шассиіндегі (автоотынқұйғыш) отын тасымалдауға және оны техникаға құюға арналған автоцистерна.
	АОМҚ	автомобиль шассиіндегі (автоотынмайқұйғыш) отын және май тасымалдауға және оны техникаға құюға арналған автоцистерна.
	ТОҚ	Тіркеме шассиіндегі (тіркеме отын құйғыш) отын тасымалдауға және құюға арналған тіркеме-цистерна;
	ТОМҚ	Тіркеме шассиіндегі (тіркемеотынмайқұйғыш) отын, май тасымалдауға және құюға арналған тіркеме-цистерна;
	ЖТОҚ	жартылай тіркеме шассиіндегі (немесе алып жүргіш құрылымдағы) отын тасымалдауға және оны техникаға құюға арналған жартылай тіркеме-отынқұйғыш
	ППТМЗ	жартылай тіркеме шассиіндегі (немесе алып жүргіш құрылымдағы) отын және май тасымалдауға және оны техникаға құюға арналған жартылай тіркеме-отынмай құйғыш

Автокөліктік цистерналарға олардың толық салмағына байланысты келесі индекстерді тағайындайды:

1,2 дейін 1
1,2жоғары 2,0 дейін 2
2,0 жоғары 8,0 дейін 3
8,0 жоғары 14 дейін 4
14 жоғары 20 дейін 5
20 жоғары 40 дейін 6
40 жоғары 7

Автомобиль-цистерналардың шартты белгілерін нобайға сәйкес қабылдайды:



Толық салмағы 8т. отын тасымалдауға арналған автомобиль цистернаның үлгісін шартты белгілеудің мысалы:

«МАРКА» АЦ-3613 – үлгі және «МАРКА» АЦ-36133 – модификация.

Бұл да , толық салмағы 12т автоотынмайқұйғыш үлгісі:

«МАРКА» АОМҚ-4610 – үлгі және «МАРКА» АОМҚ-46101 – модификация.

Тіркеме көлік құралындағы автокөліктік цистерналардың шартты белгілерін нобайға сәйкес қабылдайды:



Толық салмағы 10т май тасымалдауға арналған тіркемелі цистернаның үлгісін шартты белгілеудің мысалы: «МАРКА» ПЦМ-8643-12 – үлгі; «МАРКА» ПЦМ-8643-122 – модификация.

Бұлда, толық салмағы 22т жартылай тіркемеотынмайқұйғыш үлгісі: «МАРКА» ППТЗ-9664-21 – үлгі; «МАРКА» ППТЗ-9664-211 – модификация.

Жаңа индексация енгізгенге дейін шыққан және осы уақытқа дейін шығып жатқан автокөліктік цистерналардың келесі классификациялық белгілері бар шартты белгілері болуы мүмкін: мақсатына сәйкес автокөліктік цистернаның тұрпатын білдіретін әріптік индекс (екіден бес әріпке дейін) (1 кестені қара), негіздік шассидің номиналды сиымдылығы ($м^3$).

Урал-4320 автомобилі шассиіндегі сиымдылығы 5,5 $м^3$ болатын, отынға арналған автомобильді цистерна үлгісінің шартты белгіленуінің мысалы:

АЦ-5,5-4320;

бұлда , автоотынмайқұйғыш КамАЗ-4310 автомобилынің шассиінде сиымдылығы 5,5 м^3 :

АОМҚ-5,5-4310;

бұлда, КамАЗ-5410 тартқыш жартылай тіркеме шассиіндегі, сиымдылығы 16,3 м^3 жартылай тіркемелі-цистерна:

ЖТЦ-16,3-5410.

5 Негізгі параметрлері және өлшемдері

5.1 Автокөліктік цистерналардың технологиялық жабдықтарының негізгі шамалары 2- кестеде көрсетілгенмен сәйкес келуі керек.

2- кесте

Параметрлер атауы	Автоцистерналар үшін норма											
	АЦ			АЦМ		ТЦ	ЖТЦ	ТЦМ, ЖТЦМ	АОҚ, ТОҚ, ЖТОҚ		АМҚ, АОМҚ, ТОМҚ, ЖТОМҚ	
	5м^3 дейін қосу.	5жоғ.10м^3 дейін қос.	10 м^{3}жоғ.	1 м^{3}дейін қосу.	1жоғ.10м^3 дейін қос.				5 м^3 дейін қосу.	5 м^3 жоғ.	5 м^3 дейін қосу.	5 м^3 жоғ.
Сораптың беруі, м^3/сағ.,:												
- отын	21-90*			—			21-90	—	21-30	21-60	21-30	21-60
- май	—			6*	18-30*	—		18-30*	2,5-6,0*			
Қысыммен сіңіруші жеңдер саны*	2 кем емес											
Таратқыш жеңдер саны,кем емес:												
- отын	—								1	1-2*	1	1-2*
- май									—		1	
Ішкі диаметр, мм:												
- отынға арналған қысыммен сіңіргіш жең	40; 65; 75	65; 75	65; 75; 100	40; 65; 75	65; 75	40; 65; 75	65; 75; 100	40; 65; 75		65; 75; 100	40; 65; 75	65; 75; 100
- таратқыш жең:												
- отын үшін	20; 25; 38; 50											
- май үшін	—										25	
Жалпы ұзындығы, м:												
- қысыммен сіңіргіш жеңнің	6,0-9,0											
- таратқыш жеңнің	—								4,5-9,0*			
Сүзгімен отын сүзілуінің жұқалылығы, мкм, артық емес	—								25			
* Тұтынушының (тапсырушының) сұранысы бойынша.												

5.2 Автокөліктік цистерналардың номиналды сиымдылығын 0,1 м^3 еселігімен (100л) белгілеп техникалық құжатта көрсетеді.

5.3 Цистернаның толу дәрежесі көлемнің 95 % көп болмауы керек, егер тиісті мұнай өніміне нормативтік құжаттарда арнайы талаптар жоқ болса.

Ескерту – Калибрленген цистерналар үшін толтыру дәрежесін [1] тәсілнама бойынша белгілейді.

5.4 Автокөліктік цистерналарды ГОСТ 21398 сәйкес автомобиль шасси орнықтарында және ГОСТ 3163 сәйкес тіркеме және жартылай тіркеме шассилерінде дайындайды.

5.5 Отын және май тасымалдауға немесе таратуға арналған автопойыздар екі көлік бірлігінен артық болмауы керек:автомобиль цистернадан(тіркемелі және ершікті тартқыштан) және бір тіркеме цистернадан немесе жартылай тіркеме цистернадан.

Бұл талапты қамтамасыз ету үшін тіркеменің немесе жартылай тіркеменің артқы жағынан тартқыш-ілгіш құрылғылары, екінші бір тіркемелі көлік құралын жалғауға арналған пневможабғыш және электро жабдық құралдары орнатылмауы тиіс.

Автокөліктік цистерналар калибрленген болуы керек. Тұтынушының (тапсырушының) келісімімен калибрленбеген цистерналар дайындауға болады, бірақ пайдаланушылық құжаттамасында номиналды сиымдылығы көрсетілуі тиіс.

Калибрлеудің метрологиялық шамалары белгіленген тәртіпте бекітілген және Қазақстан Республикасында күші бар нұсқаларға және ГОСТ 8.346 талаптарына сәйкес болуы керек.

6 Жалпы техникалық талаптар

6.1 Мақсаттық талаптар

6.1.1 Автотранспорттық цистерна белгіленген тәртіпте бекітілген, конструкторлық құжаттар бойынша, осы стандартқа сәйкес дайындалуы керек.

Автокөліктік цистерналардың белгіленуі, осы стандарттың талаптарына сәйкес жасаушымен тағайындалады.

6.1.2 Технологиялық жабдықтармен жинақталған автокөліктік цистерналар, 3-кестеде көрсетілген жұмыс операцияларының орындалуын қамтамасыз етуі керек.

6.1.3 Сенімділік талаптары

6.1.4 Автокөліктік цистерналардың сенімділік көрсеткіш мәні, *сол орнықта дайындалған* автокөлік құралы шассиінің тиісті көрсеткішінен кем болмауы керек. Сенімділік көрсеткішінің атауы және нақты мәндерін, сонымен қатар қабыл алмау белгілерін және шектік жағдайларын нормативті-техникалық құжатта белгілейді

6.1.5 Технологиялық үрдістердің және агрегаттардың жұмысын бақылау үшін, автокөліктік цистерналарға орнатылған сенімділік көрсеткішін (қор, қызмет көрсету мерзімі, қабыл алмауға шегі) өлшейтін құралдар, дайындаушымен белгіленген және тиісті нормативтік құжаттарда келтірілген көрсеткіштерге сәйкес келуі керек.

6.2 Эргономика талабы

6.2.1 Толтыру (босату) кезінде, сатылы қосу үшін арналған, автокөліктік цистерналарға орнатылатын маховик және басқару тетіктері, сенімді бекітілу және олардың аралық және соңғы орналасулары сенімді болуы керек. Соңғы орналасулар; қажет кезде арнайы бөгелткішпен (бекіткішпен) шектелуі керек.

Басқару иін тіректерін және тегершіктерді операторға жеткілікті аймақта бір жұмыс орнында орнатылуы керек, сорап жетегі үшін қуат алуға арналған механизмді қосқышты қоспағанда.

6.2.2 Автоцистернаға қызмет көрсетуші адамдар ыңғайлығы үшін сатымен және алаңқайлармен жабдықталуы тиіс.

3-кесте

Шамалар атауы	Төмендегі автоцистерналар үшін жұмыс операцияларының орындалуы											
	АЦ			АЦМ		ТЦ	ЖТЦ	ТЦМ, ЖТЦМ	АОҚ, ТОҚ, ЖТОҚ		АМҚ, АОМҚ, ТОМҚ, ЖТОМҚ	
	5м^3 дейін кос..	5жоғ. 10м^3 дейін кос.	10 м^3 жоғ.	1 м^3 дейін кос..	1жоғ. 10м^3 дейін кос.				5 м^3 дейін кос..	5 м^3 жоғ.	5 м^3 дейін кос..	5 м^3 жоғ.
Цистернаның өз сорабымен толтырылуы*	+	+	+	+	+	—	+	—	+	+	+	+
Цистерналарды жабық (негізгі) жә-не үстіңгі (қосал-қы) әдіс арқылы бөгде сораппен толтыру	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Цистернаны өз сорабымен сұзгіден тыс босату**	+	+	+	+	+	—	+	+	+	+	+	+
Цистернаны бөгде сораппен босату	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Техникаларға сұ-зілген мұнай өнім-дерін құю, бірме-зетте берілген өнім көлемінің өлшемі-мен	—	—	—	—	—	—	—	—	+**	+	+**	+
Мұнай өнімдерін қысымдық (тарат-қыш) жеңдерден өз сорабымен ағызу**	+	+	+	+	+	—	—	—	+	+	+	+
Цистернаны өз бетімен босату	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Өз цистернасын өтіп бөгде ыдыс-тардың арасында өз сорабымен көтару.**	+	+	+	+	+	—	+	—	+	+	+	+
Цистернадағы майдың ысуы*	—	—	—	+	+	—	—	+	—	—	+	+
Мұнай өнімдерін кішкене ыдыстарға (канистра, отындық бак, бөшке) құйып беру**	—	—	—	—	—	—	—	—	+	+	+	+

* Тұтынушының (тапсырушының) талабы бойынша.
** Сораппен жабдықталған автоцистерналар үшін.
Ескерту — «+» белгісі операцияның автоцистернада орындалғанын білдіреді, «-» белгісі - орындалмағанын.

Технологиялық талаптар

6.2.3 Автоцистерна құрылысы, басқада тораптарын және жүйелерін алдын-ала бөлшектеусіз технологиялық жабдықтың 75% жоғары демонтажын қамтамасыз етуі керек.

6.2.4 Цистерна құрылысы, ішкі және сыртқы беттерін кірден қол немесе механизмделген құрал көмегімен тазалануын қамтамасыз етуі керек.

6.2.5 Толқын кескіш және *қаттылық сақина* құрылыстары цистернаның толтырылуына (босатылуына), сонымен қатар оның ішкі бетін тазалауға кедергі болмауы керек.

6.2.6 Автокөліктік цистерналарға орнатылған технологиялық жабдықтарға жүргізілетін техникалық қызмет көрсету кезеңі, базалық автокөлік құралына техникалық кезеңімен сәйкес келіп, пайдалану бойынша нұсқауда белгіленуі керек.

6.3 Құрылысына қойылатын талаптар

6.3.1 Климаттық орындалу және пайдалану шарттары, ГОСТ 15150 талабына сәйкес, автокөліктік цистерналарды жасау кезінде нормативтік құжатта белгіленеді.

6.3.2 Автотранспорттық цистерна құрылысы ГОСТ 50559 бойынша тасымалданатын мұнай өнімі сапасының және салмағының өзгермеуін қамтамасыз етуі керек.

6.3.3 Мұнай өнімдерін және отын тасымалдауға арналған автокөліктік цистерналар МЕСТ 20772 сәйкес құю, қотару және құю-төгу техникалық құралдары үшін герметикалық қосу құрылғылары болуы тиіс.

6.3.4 Автокөлік құралы шассиінде орнатылған цистернаның толық массасы, автокөлік құралын дайындаушы-зауытпен берілген, өстер бойынша жүктеме үлестірілімінен және номиналды жүкөтерімділігінен аспауы керек.

6.3.5 Цистерналар тұрқы, олардың толықтауыш жабдықтары, қызметтік және құрылыстық жабдықтары мұнай өнімін жоғалтпай ұстап тұруы керек (тыныстау құрылғысы арқылы шығатын, мұнай өнімінің газды буларын ескермегенде):

-ішкі қысым, ГОСТ 25560 бойынша белгіленген, түрөлшем 160 тыныстау құрылғысының толық жабық кезіндегі 0,020 МПа (0,2 кгс/см^2) артық қысымға тең, тыныстау құрылғысы осыған дәлденген;

- әртүрлі тасымалдау жағдайларындағы статикалық және динамикалық жүктемелер;

-маргиналды нөмірде келтірілген 211 125 және 211 127(ДОПГ), алдын-ала жазылған минималды кернеу.

6.3.6 Цистерна тұрқысы, алып жүретін құрылыс қызметін атқаратын көлік құралдары жағдайында, мұндай цистерналар тұрқысы оларға әсер ететін өзіне тән кернеуді ескере отырып, есептелуі керек.

6.4.7 Мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған цистерналарды жобалау кезінде, 6.5.5 және 6.5.6 көрсетілген жүктемелерді ескере отырып, келесі талаптарды(маринады нөмір 211 123 ДОПОГ) ескеру қажет:

а) өзбетіндік босатылатын цистерналар, бу қысымы 50°С кезінде 110 кПа (1,1 кг/см^2) (абсолютті қысым) аспайтын, мұнай өнімін тасымалдауға тиісті екі еселенген статикалық қысымға тең есептік қысымды ескере отырып есептелуі керек, бірақ судың екі еселенген статикалық қысымынан аспауы керек;

б) мұнай өнімін тасымалдауға арналған, қысымы 50 °С кезінде 110 кПа (1,1 кгс/см^2) аспайтын, қысыммен толтырылатын (босатылатын) цистерналар, 1,3 коэффициентіне көбейтілген толтыру(босату) қысымына тең қысыммен есептелінуі керек.

в) бу қысымы 50°С кезінде 110 кПа (1,1 кгс /см^2) жоғары болатын, бірақ толтыру немесе босату жүйесіне тәуелсіз 175 кПа (1,75 кгс/см^2) аспайтын цистерналар, есептік қысымды ескере отырып150 кПа (1,5 кгс/см^2) аспайтын қысымды құрайтын немесе 1,3 коэффициентіне көбейтілген толтыру немесе босату қысымымен есептелуі керек, осы мәндердің қайсысының үлкендігіне байланысты.

г) толтыру немесе босату жүйесіне тәуелсіз, бу қысымы 50 °С кезінде 175 кПа (1,75 кгс/см^2) асып кететін цистерналар, 1,3 коэффициентіне көбейтілген, толтыру

немесе босату қысымына тең, есептік қысымды ескере отырып есептелуі қажет, бірақ бұл қысым 400 кПа (4 кгс/см^2) кем болмауы керек.

6.3.7 Цистерналар ГОСТ 25560 бойынша, тыныстау құрылғысы реттелген максималдық жұмыстық қысымға немесе толтыру (босату) қысымына тең ішкі қысымды ұстай алуы керек, бірақ 20 кПа (0,2 кгс/см^2) кем болмауы керек.

6.3.8 Цистерналар және автокөлік құралының шассиіне бекітетін құрылғылары, максималдық рұқсат жүктеме кезінде, F жүктемесін ұстай алуы керек:

— мұнай өнімінің және цистернаның қозғалыс бағытында және жоғарыдан төмен вертикаль бағыттағы екі еселенген салмағына тең

$$F =. 2gm ; \qquad (1)$$

— қозғалысқа перпендикуляр бағытқа және вертикаль бағытта төменнен жоғары бағыттағы мұнай өнімінің және цистернаның салмағы

$$F = gm , \qquad (2)$$

Мұнда g *— гравитациялық үдеу, м / с^2;*

m *— мұнай өнімімен цистернаның массасы.*

6.3..9 Цистерна тұрқысына есептелінетін сынақ қысымы $P_{сын}$*, 1,3 максималдық жұмыстық қысымнан кем болмау керек .*

6.3.9 *S,* мм, цистерна қабырғасының қалыңдығын (8) және (9) формулалары бойынша есептейді ГОСТ 14249

$$S = S_p + C , \qquad (3)$$

$$S_p = \frac{p_{расчетн.} D}{2\lambda[\sigma]\varphi - p} \qquad (4)$$

мұнда, $P_{есептік.}$ — есептік қысым, МПа;

D — цистернаның ішкі диаметрі, мм;

φ — цилиндрлік қабықшаның көлденең тігіс коэффициенті;

С — қабырғаның есептік қалыңдығына қосымша;

λ — пісірілген біріктірмелердің беріктігінің азаю мүмкіндігін ескеретін коэффициент,; λ = 1,0, егер пісірілген тігістерді бақылауда үлгілер зақымданбаса, мүмкіндігінше көзбен көріп бақыланатын болса.

$[\sigma]$ — рұқсаттық кернеу , Н/мм^2, екі мәннің ішіндегі минималдығына тең етіп қабылданатын

$$\sigma_т / n_т \text{ немесе } \sigma_в / n_в,$$

мұнда $\sigma_т$ — аққыштық шегі;

$\sigma_в$ — жарылуға уақытша қарсылық; мұның мәндерін, жадығаттарға нормативтік құжаттар бойынша минималды етіп таңдап алады;

$n_т$ = 1,5 және $n_в$ = 2,4 – беріктік қоры коэффициенті.

[ГОСТ 14249-89, (8) және (9)формулалары]

6.3.10 Домалақ көлденең кескіні диаметрі 1,8м кем цистерналар, *егер олардың 6.5.13 көрсетілгендей зақымданудан қорғағышы* болса, тұрқы қабырғасының қалыңдығы 5мм кем болмауы керек, ал диаметрі 1,8м жоғарылары – 6мм кем емес, $\sigma_в \geq 360$ МПа

(3600 кгс/см^2) жарылуға уақытша қарсылықты жадығаттардан дайындау кезінде және $\delta = 10000/\sigma_в$, *в Н/мм^2 пайыздық ұзаруымен, бірақ 16 % және 20 % кем емес – басқа болаттар үшін.*

Басқа механикалық қасиеті бар металлдардан цистерналарды дайындаған кезде, цистерна қабырғасының эквивалентті қалыңдығын S_1 мм, төмендегі формуламен есептейді

$$S_1 = \frac{21,4S}{\sqrt[3]{\sigma_1 A_1}}, \qquad (5)$$

мұнда S, — диаметрі 1,8м кем цистерна қабырғасының қалыңдығы немесе 1,8м көп жоғарыда көрсетілген механикалық қасиеттерімен;

σ_1 — берілген металлдың жарылуға уақытша қарсылығы, МПа;

A_1 — берілген металлдың жарылуға пайыздық ұзаруы;.

Тұрқылары көлденең қимасында, шабадан немесе элиптикалық пішіндес болса, ауданы шеңберсіз көлденең қима ауданына тең, көлденең қимасы шеңбер болатын цистерна тұрқысы сияқты есептелінеді.

6.3.11 Аунаудан немесе бүйірлік соққыдан пайда болатын, зақымданудан цистернаны сақтау, төмендегі шарттардың бірін сақтаса ғана есептеледі:

— екі күштеуіш элементтермен (аралықпен, толқын кескішпен, ішкі немесе сыртқы сақиналар) арасындағы қашықтық ≤ 1,75 м;

—екі аралық (толқын кескіш) арасындағы цистернаның көлемі) ≤ 7,5 м^3.

Бұл кезде кез-келген сақинаның вертикаль жазықтықтағы көлденең қимасының модулі 10 см^2 кем болмауы керек.

Ішкі сақиналардың шығыңқы құлақшаларының радиусі 2,5мм кем болмауы керек.

Бүйір қабырғаларының қисықтық радиусі 2,5мм жоғары болатын цистерналар, сонымен қатар шабадан пішіндес және тік бұрышты қималы цистерналар, бүйірлік соққыдан немесе аунаудан пайда болатын зақымданулардан, келесі қосымша шарттарды сақтаған кезде ғана, қорғанышпен қамтамасыз етілді деп есептелінеді:

— ені цистернаның көлденең қимасында биіктігінің 30 % кем болмайтын, цистернаның ортаңғы биіктігінің барлық параметрінде орналасқан, цистернаның ішкі жағында қосымша қорғаныштың болуы;

— осы қосымша қорғаныштың қатаңдығын қамтамасыз ету, осындай қорғаныш орналасқан аймақта, қабырғаларының қалыңдығы 5мм (диаметрі 1,8м цистерналар үшін) немесе 6мм (диаметрі 6мм жоғары цистерналар) цистерналар қатаңдығынан төмен еместігі.

Цистерна биіктігінің ортасында, бүйір қабырғасына пісірілген, табақша түріндегі қосымша қорғаныштарды орнатуға рұқсат етіледі. Бұл табақшалар цистерна дайындалған жадығаттардың дайындалуы тиіс, ені цистернаның көлденең қимасының 30 % кем болмауы, қалыңдығы, цистерна қабырғасы қалыңдығынан кем болмауы тиіс.

6.3.12 Толқын кескіштер және аралықтар майысу тереңдігі 10см кем емес шамамен бүгілуі керек немесе гофралар (кеңірдектер) болуы керек, немесе балама беріктікті қамтамасыз етуі үшін басқа әдістермен күштелуі керек. Толқын кескіштің ауданы, толқын кескіш орнатылған цистернаның көлденең қимасының 70 % құрауы керек, одан кем емес. *Аралықтар (толқын кескіштер) ауданы, цистерна қабырғасы қалыңдығынан кем болмауы керек.*

6.3.13 Сиымдылығы 5000 л. аспайтын, немесе әр қайсысының сиымдылығы 5000 л. аспайтын герметикалық бөліктерге бөлінетін цистерна тұрқысы қабырғасы қалыңдығы, 4- кестеде келтірілген мәндерден аз болмауы керек.

4-кесте

Қабықшаның максималдық қисықтық радиусі, м	Бөліктің немесе цистернаның сиымдылығы, $м^3$	Цистерна қабырғасының минималды қалыңдығы, мм, *болат үшін* $\sigma_в \geq 360$ *МПа (3600 кгс/см^2), және* $\delta=10000/\sigma_в$, *в Н/мм^2 үзілуге пайыздық ұзарумен*
≤ 2	≤ 5,0	3
> 2, бірақ ≤ 3	≤ 3,5	3
	>3, 5, бірақ ≤ 5,0	4
Басқа механикалық қасиеті бар металдан цистерналарды дайындау кезінде, қабырғаның балама қалыңдығын (3) формула бойынша есептейді.		

6.3.14 Цистерна түрқыларын қаттылық сақиналарымен мықтылау қажеттілігі ГОСТ 14249 келтірілген есептеу әдістерімен анықталады.

Осы кезде берілген өлшем $P_{есептік}$ және S қабырға қалыңдығы үшін төмендегі формула бойынша $K_и$ коэффициенті анықталады

$$K_И = \frac{P_{расчетн.}(D+S-C)}{2\varphi_p[\sigma](S-C)} \qquad (6)$$

мұнда φ_p — цилиндрлік орамның бойлық жігі;

$K_и \leq 0$ – кезінде қаттылық сақиналарымен мықтыламауға болады.

$0 < K_И < \frac{2\varphi_p}{\varphi_p - 1}$ диапазонында сақина көлденең қимасындағы талап етілетін аудан мен қаттылық сақинасы арасын, ГОСТ 14249 келтірілген әдіс бойынша есептеу керек. Сонымен бірге қаттылық сақинасымен ішкі аралықтарды бір жазықтықта орналастыру қажет.

6.3.15 Ішкі артық қысымда жұмыс істейтін, цистернаның көп таралған доңгелек жазық түптеріндегі S_1, м қалыңдығын төмендегі формулалармен есептейді

$$S_1 = S_{1P} + C, \qquad (7)$$

$$S_{1P} = KK_0D\sqrt{\frac{p}{\varphi(\sigma)}}, \qquad (8)$$

мұнда K — түп құрылымына байланысты коэффициент;

$K_0 = 1$ түптің тесіктермен босауы болмаған жағдайда.

$h \geq 2r$ өңделген тегіс түптер үшін $K = 0,3$ қабылдауға рұқсат етіледі. [ГОСТ 14249-89, (71) және (72)] формулалары

К коэффициенті ГОСТ 14249 3 кестесі бойынша қабылданады

Тегіс емес пішінді түптер қалыңдығын ГОСТ 14249 көрсетілген әдістермен есептеу қажет.

6.3.16 Автокөлік цистернаның инспекциялық кіру-люктерінің ішкі диаметрі 500мм кем болмауы керек.

6.3.17 Тасымалданатын мұнай өніміне мүмкіндік беретін шкаф есігі, люк қақпағы пломбалау үшін ыңғайлануы керек.

6.3.18 Тіркеме цистернаның құрылысы, сүйрейтін автокөліктік цистерналарда орнатылған сорап көмегімен толтыру (босату) мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

6.3.19 Автокөліктік цистернаның құрылысы, толтырылатын сиымдылыққа отын беруді тоқтатқан кезде, жеңнің жұмыстық қысымының 50 % тең, қысыммен сорғыш жеңдегі қысымның асып кетуін болдырмауы тиіс.

6.3.20 Автокөліктік цистерна құрылысы, тасымалданатын мұнай өнімінің сапасын бақылау үшін, ГОСТ 2517 бойынша сынақ алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.Сынақ алу міндетті түрде цистернаның үстіңгі жағынан жүргізіледі.

6.3.21 Автокөліктік цистернадағы отын қалдығы, оны горизонталь алаңқайда өздік ағызудан кейін, номиналды сиымдылықтың 0,1 % аспауы керек.

6.3.22 БЖ(АБС) келесі автокөлік құралдарының шассиі жабдықталуы керек:

- рұқсат етілген масималды салмағы 16т. асатын;

- тіркемені сүйреге жіберілген, рұқсат етілген максималдық салмағы 10т. асатын;

- тіркемелер, максималдық рұқсат етілген салмағы 10т. асатын.

6.3.23 Автокөліктік цистерналардың *төменнен* толтыруға арналған құрал-жабдықтары төмендегілерден тұруы керек:

а) толуды шектеуіштен. Толуды шектеуіш көрсеткіш жетегі ретінде қотарылушы сұйықтықтың қуатын пайдаланған жөн. Толуды шектеуіштің біріктіру өлшемдері және нобайы А және Б қосымшаларында келтірілген;

б) құйылудың жоғарғы деңгейінің сигнал бергішінен. Сигнал бергіш ГОСТ 9200 бойынша электрлік сигналды автомобиль шасси дыбыстық сигналға және розеткаға шығуын қамтамасыз етуі керек, ол автоцистернаның сол жағында автоматталған құйылу жүйесін қосуға арналған ыңғайлы жерде қондырылады.

в) қайтару клапанды патрубкадан ГОСТ 20772 (механикалық ұстатпалар), 4 түрлес біріктіргіш құрылғы көмегімен жеңдерді бекіту жағдайында.Қайтару клапанын жалғау өлшемдері Г қосымшасында келтірілген. Патрубканың орналасу орны – автоцистернаның сол жағында, арақашықтығы – ГОСТ 20772 бойынша. Тапсырыс берушінің келісімімен қайтару клапанды патрубканы, автоцистернаның артқы жағынан орнатуға рұқсат етіледі;

г) герметикалық құю жалғастырғыштардан, газ шығаруға арналған отбөгегішті түтіктен және құю және төгу пункттарында оларды регенерациялау және газ буларын қайтару жүйесі бар мұнай өнімдерін герметикалы құю және төгу үшін бу қайтару жүйелі жалғастырғыштан. Отбөгегіш цистернада орнатылуы керек. Газ қайтару жабдығымен жабдықталған автокөліктік цистернаның нобайы Д қосымшасында келтірілген.

6.3.24 Сиымдылық өлшемі ретінде дайындалған, цистерна кеңірдекшесінде, мұнай өнімінің толық құйылғандығын бақылауға арналған, байқау терезесі ескерілуі керек. Байқау терезесінің биіктігі қойылу деңгейінің өзгеру шегінде болуы керек..

Кеңірдекшедегі құйылу деңгейінің көрсеткішінің және байқау терезесінің орнына «клинкер» әйнегін қоюға рұқсат етіледі.

6.3.25 Цистернадағы қысымның көтерілуін болдырмау үшін, ГОСТ 25560 бойынша, цистернадағы жұмыс қысымын ұстап тұрылуын қамтамасыз еткіш және аунап кету кезінде өздік жабылғыш тыныстау құрылғысы болуы керек. Тыныстау құрылғылары ГОСТ 25560 бойынша 160 типтік өлшемдік артық қысым шамасында болуы керек, одан кем емес, ал жұмыстық вакумметриялық қысым 125 типтік өлшемдік болуы керек, одан артық емес, сонымен қатар цистернадағы артық қысым 100 кПа (1 кгс/см^2) тең болған кезде, автоматты түрде ашылуын қамтамасыз еткіш сақтандырғыш құрылғысы болуы керек.

Тыныстау құрылғысы клапанының толық ашылғандағы қысымына P_0 сәйкес, тыныстау құрылғысының D_m мм, шартты өту диаметрі, оның өткізу қабілетіне байланысты ГОСТ 25560 1кестеге сәйкес болуы керек. 1 кестеде көрсетілгендей, тиісті сиымдылықты цистерналар үшін, шартты өту диаметрі бойынша, тыныстау құрылғылары, қарқынды (өнімділікті) құю (төгу) кезіндегі қысым (сирету) 2 кестеде ГОСТ 25560 келтірілген тыныстау құрылғысының P_0 мәнінен ерекшеленбейтіндей етіп таңдалынып алынады. Цистернаның көлеміне байланысты, түсіру қимасының ауданын 6 кестемен сәйкес анықтайды. Көлемі 3-тен 40м^3 дейінгі цистерналар үшін, 6 кестеде келтірілгендей мәндер шамасының сызықтық интерполяциясы рұқсат етіледі.

6.3.26 Сораппен жабдықталған автокөліктік цистерналардың сорушы құбыржүктізгішінде алдын-ала тазалау сүзгісі орнатылуы керек.

6.3.27 Мұнай өнімінің мөлшерін санақшысының алдында толық тазалау сүзгілері болу керек. Сүзгінің орналасуы, сүзуші элементтерді ауыстыруға және оны демонтаждамай ішкі қуысын тазалауға мүмкіндік беруі керек

6.3.28 Мұнай өнімінің мөлшерін санақшыларының номиналды өткізу қабілеті автокөліктік цистернаның тарату жүйесінің шығынымен сәйкес келу керек. Санақтардың тиісті ағаттығы ±0,5 % шегінен шықпауы тиіс.

6.3.29 Автокөліктік цистерналардың ішіндегі қысымдық-сорғыш патрубкалары цистернаны мұнай өнімімен толтыру кезінде ағынды қайтарушы және оны босату кезінде воронканың пайда болуын жібермейтін құрылғысы болу керек.

6.3.30 Автокөліктік цистерналарды үстінен толтыру әдісі кезінде цистерна ішіндегі мұнай өнімін беруші патрубканың төменгі жағынан цистернаның түбіне дейінгі қашықтық 100 мм артық болмауы керек.

6.3.31 Автокөліктік цистерналардың технологиялық нобайында бекіту арматурасы ретінде, қолмен басқарылатын бекітпелер (жапқыш) немесе жылжытпалар болуы керек. Қолмен қостап қашықтықтан басқарылатын бекіткіш арматураларды қолдануға рұқсат етіледі.м.

6.3.32 Тасымалдау жағдайындағы цистернаны толтыру (босату) патрубкалары бастырмамен жабылуы керек..

6.3.33 Автокөліктік цистерналардағы қысымды және сиретуді өлшейтін құрал ретінде тиісті саймандар орнатылады. Көрсетілген шамаларды бақылап отыру өшін көрсеткіштер қолдануға рұқсат етіледі.

Бақылау құралдары қарауға, жөндеу немесе тексеру жүргізу кезінде оларды ауыстыруды қамтамасыз етуге ыңғайлы орында орналасуы керек.

6.3.34 Мұнай өнімдерін құюға (босатуға) арналған автокөлік құралдарының қосқыш құрылғылары (келте құбырлар) ГОСТ 20772 талабы бойынша *жеңнің шартты өтпесіне* сәйкес келуі керек.

6.3.35 Автокөліктік цистерналардың және автоотынқұйғыштардың технологиялық нобайы тиісінше Е және И қосымшаларында келтірілген.

6.3.36 Автокөліктік цистерналарда, пайдаланушылық құжаттамасын орналастыруға арналған орын қарастырылуы керек. Құжаттың орауышы оның сақталуын қамтамасыз ету тиіс..

6.3.37 Автокөліктік цистерналар ГОСТ 19433 бойынша қауіпсіздік туралы ақпараттық жүйелерді ақпараттандырғыш кестесін бекітуге арналған орынмен немесе тіреуіштермен жабдықталуы тиіс.

6.3.38 Автокөліктік цистерналар жеңдерді сақтауға арналған жәшікпен, ҚҚК (ЗИП) салуға арналған жәшікпен (орынмен) жабдықталуы керек. Жең сақтауға арналған жәшіктердің құрылысы, ішіне шаң және жауын-шашын түсуін болдырмауы керек. Жеңдер көрсетілген жәшіктердің ішіне отын ағып кетуін болдырмайтын бастырмалармен жинақталуы керек.

6.3.39 Автокөліктік цистерналардың барлық түрлеріндегі сигналдық фонарлардың көрінуі, саны, орналасуы және түсі ГОСТ 8769 талабына сәйкес болуы керек.

6.3.40 ГОСТ 8769 қарастырылғандай, бір немесе бірнеше жарықтық саймандардың қызметін атқарушы ішкі сигналдық фонарлардың қорғану дәрежесі ГОСТ 6964 талаптарына сәйкес келуі керек.

Климаттық әсерлерге төзімділікті, ұштықтармен және штекерлармен армирленген, электрлік шамалар бөлігінде құралдарды біріктіруге арналған сымдар мен орамдар ГОСТ 23544 талабына сай келуі керек.

Механикалық қорғаныс, сымдар жүргізілген жерлерде автокөліктік цистернаның құрылысымен қамтамасыз етіледі және мұнай өнімдерінің төгілу немесе артып кету кезінде тиюі болмайды, қорғағыш қабықшасы ретінде ГОСТ 19034 бойынша кез-келген түсті поливинилхлоридті пластикаттан жасалған түтіктер қолдануға рұқсат етіледі.

Талшықтар поливинилхлоридті пластикті қабықшасымен бөлектенген иілмелі талшықты кабелдер қолдануға рұқсат етіледі.

6.3.41 Автокөліктік цистерналардың орнықтылығы, жерге тірелу жалпы ені (бір өстегі оң және сол жақ шиналарының жермен түйісу сыртқы нүктелерінің қашықтығы) олардың аурлық центрінің биіктігінің 90 % кем емес құрауы керек. Ершікті автопоездарда алып жүру элементінің өсіндегі жүктеме, жартылай тіркеменің толық салмағының 60 % аспауы керек.

6.3.42 Цистерналардың жылу оқшаулағыш құрылысы сақтандырғыш клапанға, тыныстау құрылғысына, еркін жетуін қамтамасыз етуі керек және олардың дұрыс қызмет жасауына кедергі болмауы керек.

6.4 **Сатып алу бұйымдарына және жадығаттарға қойылатын талаптар**

6.4.1 Автокөліктік цистерналарды дайындау үшін қолданылатын жадығаттар, мұнай өнімдерінің әсеріне төзімділігіне ие болуы керек, сонымен қатар олардың тазалығына әсер етпеуі керек. Автокөліктік цистерна құрал-жабдықтарының мұнай өнімдерімен түйісуі кезінде, тұтынушының (тапсырыс берушінің) талабымен, түйісу беттерінде антикоррозиялық жабыны болуы керек.

6.4.2 Цистерна жадығаттары, нормативтік құжаттарға сәйкес пісірімділікке, механикалық қасиетке, соққылық тұтқырлыққа және кристалитаралық коррозияға төзімділікке ие болуы керек. *Төсемдер тасымалданатын өніммен үйлесімді жадығаттардан дайындалуы керек және тиімділігі төмендеген кезде ауыстырылуы керек, мысалы қажудың әсерінен.*

Болатты минус 20 °С және ТУ бойынша *төмен илем кезіндегі нормірленген соққы тұтқырлық кезіндегі қасиетіне байланысты таңдап алады*

6.4.3 Автокөліктік цистерналардың сыртқы беттерінің лакты-бояулық жабындары дезинфекцияға, бензомайтөзімді, дегазацияға және дезактивацияға төзімді болуы керек

6.4.4 Цистерналардың ішкі беттерін коррозиядан қорғау үшін винилхлоридтің сополимеріндегі перхлорвинилді қолданумен татты түрөзгертіп-грунтовкалайтын, эпоксидті шайыр негізіндегі лакосырлық немесе полимерлі, электростатикалық қауіпсіздікке сәйкес металл оқшаулағышты, буға төзімділікті, бензомай төзімділікті жабындар қолданылуы керек.

6.4.5 Майға арналған жеңдер бензомайтөзімділікті болуы керек. Отынға арналған жеңдер бензомайтөзімділікті және антистатикалық болуы қажет.

6.4.6 Толтыруға (босатуға) арналған жеңдердің, патрубкалардың, бастырмалардың қосқыш құрылғылары соққы кезінде ұшқын тудырмайтын жадығаттардан, немесе осындай жабыны бар жадығаттан жасалуы керек.

7 Жинақтылығы

7.1 Отын түріне және сиымдылығына байланысты, автокөліктік цистернаның жинақтылығына қажетті негізгі технологиялық жабдықтар 5- кестеде келтірілген.

5-кесте

Құрал атауы	Цистернасы бар автокөлік құралының тұрпаты және сиымдылығы								
	АЦ, ТЦ, ЖТЦ			АЦМ, ТЦМ		АОҚ (ЖТОҚ)		АОМҚ, ТОМҚ, (ЖТОМҚ)	
	5 $м^3$ дейін	5 ден 10 $м^3$ дейін	10 $м^3$ жоғ.	1 $м^3$ дейін	1 ден 10 $м^3$ дейін	5 $м^3$ дейін	5 $м^3$ жоғ.	5 $м^3$ дейін	5$м^3$ жоғ.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Кеңірдекшесі (кеңірдекшелері), кірме-люкті, қақпағы (қақпақтары) бар цистерналар және төмендегілер үшін демонтаждауға арналған құрылғылары бар:									
- отын	+	+	+	–	–	+	+	+	+
- май	–	–	–	+	+	–	–	+	+
Толқын сейілткіштер әрбір 5 $м^3$ сиымдылыққа 1дана	–	+	+	–	+	–	+	–	+
Өнім қабаты астынан, компенсатор арқылы цистернаға құю жабдығы	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Жағармайды төменге құю жабдығы	+	+	+	–	–	+	+	+	+
Тұнбаны төгуге арналған тұндырғыш	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Цистернадағы өнім көлемінің индикаторы	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Сорап:									
- отын үшін;	+*	+*	+*	–	–	+	+	+	+
- май үшін:	–	–	–	+*	+*	–	–	+*	+
Берген көлемді есептеуге арналған санақ:									
- отындық	–	–	–	–	–	+	+	+	+
- майлық	–	–	–	–	–	–	–	+*	+
Толық тазалау сүзгісі:									
- отындық	–	–	–	–	–	+	+	+	+

- майлық	–	–	–	–	–	–	–	+*	+*
Қысымды-сорғыш жеңі:									
- отындық	+	+	+	–	–	+	+	+	+
- майлық	–	–	–	+	+	–	–	+	+
Шүмегі бар таратқыш жең:									
- отындық	–	–	–	–	–	+	+	+	+
- майлық	–	–	–	–	–	–	–	+	+
Майға арналған темпера-тураны көрсеткіші бар жылытқыш құрылғы	–	–	–	+	+	–	–	+	+
Басқару пульті (пульттері)	+*	+*	+*	+*	+*	+	+	+	+
Өлшеу құралдары :									
- сорап білігінің айналу жиілігі;	+*	+*	+*	–	–	+*	+*	+*	+*
- мотосағат;	–	–	–	–	–	+*	+	+*	+
- сораптың шықпасындағы қысым*	+*	+*	+*	+*	+	+	+	+	+
- отынға арналған сүзгідегі қысымның ауытқуы*	–	–	–	–	–	+	+	+	+

*Тұтынушының (тапсырушының) талабы бойынша

Ескерту «+» белгісі автоцистернада жабдықтың бар екенін білдіреді, ал «— » белгісі — оның жоқтығын білдіреді.

